- 13) Комитеттің теңгеріміндегі мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету;
- 14) Комитетке бөлінген бюджеттік қаражаттың толық, уақтылы және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- 15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне қатысу.

15. Комитеттің функциялары:

- 1) мемлекеттік органдарға техникалық реттеу объектілерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді және құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының техникалық

реттеу саласындағы заңнамасына, техникалық регламенттерге және ұлттық стандарттарға сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізу;

2) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді айналысқа шығарудың жолын кесу және оған жол бермеу жөнінде ықпал ету шараларын қолдану болып табылады;

3) техникалық реттеу саласындағы заңнамаға сәйкес жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға тікелей қатер төндіретін өнімді алып қоюды және қадағалау субъектісін Қазақстан Республикасының азаматтық-процестік заңнамасына сәйкес осындай өнімді иелену, пайдалану және (немесе) оған билік ету құқығынан айыру туралы сотқа талап қоюды беру болып табылады;

4) жеке, заңды тұлғалар техникалық реттеу саласындағы лауазымды адамдар берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, қаулыларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сотқа жүгіну;

5) зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізу саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

6) Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, техникалық реттеу объектілерінің Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті талаптарына сәйкестігін бағалау кезінде зерттеулер (сынақтар) және өлшемдер жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында қолдану үшін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ұлттық (мемлекеттік) стандарттарын Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттары ретінде бекіту;

7) сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға рұқсат беру талаптарын, оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін, сондай-ақ рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлар аттестаттарын аттестаттау, олардың қолданысын ұзарту қағидаларын әзірлеу;

8) техникалық регламенттерді әзірлеу, сараптау, қабылдау, өзгерту және олардың күшін жою қағидаларын әзірлеу;

9) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді кері қайтарып алу қағидаларын әзірлеу;

10) сәйкестікті бағалау қағидаларын әзірлеу;

11) Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүргізу жөніндегі Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес өнімнің техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігіне оны айналысқа шығару бөлігінде тексеру парақтарын және тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын әзірлеу;

12) Бірыңғай тізбеге енгізілген, Бірыңғай тізбеге енгізілген, бірақ оған қатысты техникалық регламенттер қабылданбаған немесе қолданысқа енгізілмеген өнімді айналымға шығару қағидаларын, сондай-ақ өзіне қатысты жалпы қауіпсіздік туралы декларация қабылданатын өнім тізбесін, жалпы қауіпсіздік туралы декларацияның нысанын әзірлеу;

13) Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне (ұлттық бөлігінен) сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды енгізу немесе шығару туралы шешімдер қабылдау қағидаларын әзірлеу;

14) тиісті зертханалық практика қағидаттарын іске асыру қағидаларын әзірлеу;

15) техникалық реттеу тізілімін қалыптастыру, жүргізу және сүйемелдеу қағидаларын әзірлеу;

16) техникалық регламенттерді әзірлеу;

17) көлік құралының типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды бекіту және тіркеу жөніндегі қағидаларды әзірлеу;

18) көлік құралының типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды ресімдеудің дұрыстығын және негізділігін тексеру жөніндегі қағидаларды әзірлеу;

19) аккредиттеу жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру;

20) мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық, ветеринариялық-санитариялық, карантиндік-фитосанитариялық бақылау бақылауға жататын өнімді қоспағанда, өнімді айналымға шығару бөлігінде оның техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігін, сондай-ақ техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектілерінің Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін не Еуразиялық экономикалық комиссия шешімдерін сақтауын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

21) жобалар мен техникалық регламенттердің техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік саясатқа және "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 1-тармағында көзделген мақсаттарға сәйкестігін талдауды және сараптама жүргізуді ұйымдастыру;

22) техникалық реттеу мәселелері бойынша сараптамалық кеңестермен, жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау;

23) техникалық реттеу, сәйкестікті бағалау және сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдарда Техникалық реттеу мәселелері бойынша келіссөз ұстанымын қалыптастыру және Қазақстан Республикасын ұсыну;

24) Саудадағы техникалық кедергілер, санитариялық және фитосанитариялық шаралар жөніндегі ақпараттық орталықтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

- 25) техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру;
- 26) зертханааралық салыстырма сынау (салыстыру) жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз ету;
- 27) Қазақстан Республикасының аумағында шетел үлгісінің сәйкестігін растау саласында құжаттарды беру жөніндегі қызметтің жүзеге асырылуын бастау немесе тоқтату туралы хабарландырылған шетелдік және халықаралық ұйымдардың тізілімін жүргізу;
- 28) техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесін қалыптастыруға қатысу;
- 29) сәйкестікті растау, аккредиттеу, тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру және оларды аттестаттау тәртібін әзірлеу және ұйымдастыру, сондай-ақ оларға қойылатын рұқсат беру талаптарын әзірлеу;
- 30) өнімдер мен процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде консультативтік-кеңесші органдар құру;
- 31) техникалық регламенттерді әзірлеу бойынша жоспар жобасын қалыптастыру;
- 32) шама бірлігінің мемлекеттік эталондарын бекіту;
- 33) метрология саласында ғылыми зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру;
- 34) мемлекеттік метрологиялық бақылауды ұйымдастыру және жүргізу;
- 35) өлшем құралдарының типін, стандартты үлгілерді бекіту;
- 36) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Мемлекеттік Елтаңбасын дайындау бойынша лицензиялауды жүзеге асыру;
- 37) тауардың шығарылған елін айқындау және тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру және оның қолданылуын жою жөніндегі қағидаларды әзірлеу;
- 38) Мемлекеттік бақылауды мынадай салаларында жүзеге асыру:
- техникалық реттеу;
  - өлшем бірлігін қамтамасыз ету;
  - Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасы.
- 39) техникалық реттеу, метрология саласында, Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасын, тексеру парақтарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, бару арқылы профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізімдерін әзірлеу;
- 40) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінде белгіленген тәртіппен хаттамалар жасау, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау және әкімшілік жазалар қолдану;
- 41) техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

42) өңіраралық және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру және уақыт пен жиілікті өлшем бірлігін қамтамасыз етуге және Жердің айналу параметрлерін айқындауға бағытталған жұмыстарды орындау;

43) өңіраралық және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру және стандартты үлгілерді әзірлеумен және енгізумен байланысты жұмыстарды орындау;

44) өңіраралық және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру және заттар мен материалдардың физикалық константтары мен қасиеттері туралы стандартты анықтамалық деректерді әзірлеу және енгізуге байланысты жұмыстарды орындау;

45) әзірленген техникалық регламенттерге сараптаманы, келісуді жүзеге асыру, техникалық регламенттердің қолданылуын тоқтата тұруды немесе жоюды келісу, оның ішінде салалық мемлекеттік органдардың техникалық регламенттердің қолданылуын тоқтата тұру немесе жою мәселелеріне бастамашылық ету;

46) тауардың шығу тегі туралы сертификаттарды берудің негізділігін, ондағы мәліметтердің дұрыстығын верификациялауды (тексеруді) жүзеге асыру, сондай-ақ тауарды әкелген елдің уәкілетті органдарының сұрау салулары негізінде тауарлардың шығарылған елін айқындау өлшемшарттарын өндірушілердің орындауына тексеру жүргізу;

47) ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда) және мемлекетаралық стандарттарды талдауды және әзірлеуді ұйымдастыру;

48) Еуразиялық экономикалық одақтың тиісті техникалық регламенттеріне стандарттар тізбесіне ұлттық стандарттарды енгізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

49) көлік құралдарын дайындаушыларға халықаралық сәйкестендіру кодтарын беру қағидаларын әзірлеу;

50) көлік құралын дайындаушының халықаралық сәйкестендіру кодын беру туралы куәліктің нысанын әзірлеу;

51) тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру және оның қолданылуын жою жөніндегі қағидаларды әзірлеу;

52) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сәйкестікті бағалау туралы құжаттардың күшін жою туралы ұсыныстар дайындау;

53) ұлттық стандарттау жоспарын бекіту;

54) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді құру, олардың жұмыс істеу және тарату тәртібін айқындау;

55) ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда), техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштерін, стандарттау жөніндегі ұсынымдарды, сондай-ақ оларға өзгерістерді бекіту;

56) мемлекеттік ғылыми метрологиялық орталықтың қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;

57) шама бірліктері эталондарының сыныптамасын бекіту;



58) өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінде өлшемдерді орындау әдістемелерін және өлшемдерді орындаудың референттік әдістемелерін бекіту және тіркеу;

59) Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде әзірленген жобалардың және қолданыстағы техникалық регламенттер мен оларға стандарттар тізбелерінің жобаларына метрологиялық сараптама ұйымдастыру.

60) тиісті салада (салада) өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімін жүргізу);

61) Комитет Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

### **3-тарау. Комитет қызметін ұйымдастыру кезіндегі төрағаның мәртебесі мен өкілеттігі**

16. Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болатын Комитетке басшылықты Комитеттің төрағасы – Қазақстан Республикасының техникалық реттеу және метрология, сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторы жүзеге асырады.

17. Комитет төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу және метрология, сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторының орынбасарлары болып табылатын орынбасарлары болады.

19. Комитет Төрағасының өкілеттіктері:

1) өз орынбасарларының, Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының және қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;

3) еңбек қатынастары мәселелері жоғары мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, Комитет қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, Комитет қызметкерлеріне демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемақы және сыйақы төлеу, іссапарлар, сондай-ақ тәртіптік жауапкершілік мәселелерін шешеді;

5) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитеттің мүддесін білдіреді;

6) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

7) сыбайлас жемқорлық әрекеттердің туындауына ықпал ететін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе әрекеттер белгіленген жағдайларда бұл туралы Министрліктің басшылығына хабарлайды;

8) Комитет қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этика нормаларын сақтауын қамтамасыз етеді;

9) Комитетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шаралар қолданады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдау үшін дербес жауапты болады;

10) республикалық бюджеттік бағдарламаларды іске асыру және мемлекеттік сатып алу саласында қызметті жүзеге асыру үшін дербес жауапты болады;

11) жеке және заңды тұлғалардың тексеру нәтижелері бойынша актілерге, бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаларға және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулыларға шағымдарын қарайды және олар бойынша шешімдер қабылдайды, сондай-ақ мұндай өкілеттіктерді өз орынбасарларына береді.

12) оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Комитет төрағасының өкілеттіктерін орындауды ол болмаған кезеңде қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Комитет төрағасы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4-тарау. Комитеттің мүлкі**

21. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін. Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті дербес иеліктен шығармайды немесе өзге тәсілмен иелік етпейді.

#### **5-тарау. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Комитеттің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі техникалық реттеу және метрология комитетінің "Қазақстан стандарттау және метрология институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің "Ұлттық аккредиттеу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

"Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің аумақтық бөлімшелерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

2. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

3. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

4. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

5. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

6. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

7. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

8. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

9. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология Комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

11. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

12. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

13. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

14. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

15. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

16. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

17. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

18. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Абай облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

19. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

20. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Ұлытау облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы  
Сауда және интеграция  
министрлігінің өзгерістер  
мен толықтырулар енгізілетін  
кейбір бұйрықтарының  
тізбесіне  
23-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Сауда және интеграция  
министрінің м. а.

**"Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Департамент) "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Комитет) аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері бар.

4. Департамент өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

5. Департамент, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Департамент өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің орналасқан орны: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 11-үй, "Эталон орталығы" ғимараты.

9. Департаменттің толық атауы:

мемлекеттік тілде – "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде - Республиканское государственное учреждение "Департамент Комитета технического регулирования и метрологии Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан по городу Нур-Султан".

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департамент қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2-тарау. Департаменттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері**

13. Мақсаттары: Техникалық реттеу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру және мемлекеттік бақылау мен қадағалауды, өлшем бірлігін қамтамасыз ету салаларындағы, сәйкестікті бағалау саласында аккредиттеу салаларында және зергерлік бұйымдар мен басқа да бұйымдарды сату кезіндегі мемлекеттік саясатты іске асыру және мемлекеттік бақылауды және жүзеге асыру болып табылады.

14. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпарат пен материалдарды заңнамада белгіленген тәртіппен сұратады және алады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

15. Департаменттің функциялары:

1) Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық, ветеринариялық-санитариялық, карантиндік-фитосанитариялық бақылау мен қадағалауға жататын өнімді қоспағанда, техникалық регламенттер өзіне қатысты қолданысқа енгізілген өнімге қатысты оны айналысқа шығару сатысында Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасының, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің не Еуразиялық экономикалық комиссия шешімдерінің сақталуына техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізу;

2) Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

3) Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

4) Қазақстан Республикасының Бағалы металдар мен асыл тастар туралы заңнамасының сақталуына зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізу бөлігінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

5) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасының сақталуындағы рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша берілгенге дейін өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігі бөлігінде рұқсаттық бақылау біліктілік және рұқсат беру талаптарын бекіту туралы нормативтік құқықтық актілерде өтініш берушіге бару қажеттілігі болған жағдайда бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тәртібімен жүзеге асырылады, оның нәтижелері бойынша өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сай келуі немесе сай келмеуі туралы қорытынды жасалады рұқсаттық бақылауды жүзеге асыру;

6) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен хаттамалар жасау, қаулылар шығару және әкімшілік жазалар қолдану арқылы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау және қарау;

7) техникалық реттеу мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалармен техникалық регламенттерді әзірлеу бойынша сараптамалық кеңестермен өзара іс-қимыл;

8) нормативтік құқықтық актілерге ұсыныстар енгізу;

9) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді айналысқа шығарудың жолын кесу және оған жол бермеу бойынша ықпал ету шараларын қабылдау;

10) техникалық реттеу саласындағы заңнамаға сәйкес жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға тікелей қатер төндіретін өнімді алып қою және қадағалау субъектісін Қазақстан Республикасының азаматтық-процестік заңнамасына сәйкес осындай өнімді иелену, пайдалану және (немесе) оған билік ету құқығынан айыру туралы сотқа талап қою;

11) жеке, заңды тұлғалар техникалық реттеу саласындағы лауазымды адамдар берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, қаулыларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сотқа жүгіну.

### **3-тарау. Департамент қызметін ұйымдастыру кезіндегі басшысының мәртебесі және өкілеттігі**

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. Департамент басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Департамент басшысының өкілеттіктері:

1) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды;

2) Департамент қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент қызметкерлерін іссапарға жіберу, демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақылар төлеу және сыйлықақы беру, сондай-ақ тәртіптік жауапкершілікке тарту мәселелерін шешеді;

4) басқа мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департаменттің мүдделерін білдіреді;

5) Департаменттің бұйрықтарына қол қояды;

6) Департаменттің жұмыс жоспарын бекітеді;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнама талаптарының, еңбек тәртібін және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің әдеп кодексін сақтауына (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) дербес жауапты болады;

8) бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау тізімдерін қалыптастыруға дербес жауапты болады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Департамент басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

#### **4-тарау. Департаменттің мүлкі**

20. Департаменттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Департамент өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті дербес иеліктен шығармайды немесе өзге тәсілмен иелік етпейді.

#### **5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Сауда және интеграция  
министрлігінің өзгерістер  
мен толықтырулар енгізілетін  
кейбір бұйрықтарының  
тізбесіне 24-қосымша



**"Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Департамент) "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Комитет) аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері бар.

4. Департамент өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

5. Департамент, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Департамент өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің орналасқан орны: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қаласы, Жандосов көшесі, 2 үй.

9. Департаменттің толық атауы:

мемлекеттік тілде – "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде - Республиканское государственное учреждение "Департамент Комитета технического регулирования и метрологии Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан по городу Алматы".

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департамент қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2-тарау. Департаменттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері**

13. Мақсаттары: Техникалық реттеу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру және мемлекеттік бақылау мен қадағалауды, өлшем бірлігін қамтамасыз ету салаларындағы, сәйкестікті бағалау саласында аккредиттеу салаларында және зергерлік бұйымдар мен басқа да бұйымдарды сату кезіндегі мемлекеттік саясатты іске асыру және мемлекеттік бақылауды және жүзеге асыру болып табылады.

14. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпарат пен материалдарды заңнамада белгіленген тәртіппен сұратады және алады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

15. Департаменттің функциялары:

1) Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық, ветеринариялық-санитариялық, карантиндік-фитосанитариялық бақылау мен қадағалауға жататын өнімді қоспағанда, техникалық регламенттер өзіне қатысты қолданысқа енгізілген өнімге қатысты оны айналысқа шығару сатысында Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасының, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің не Еуразиялық экономикалық комиссия шешімдерінің сақталуына техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізу;

2) Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

3) Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

4) Қазақстан Республикасының Бағалы металдар мен асыл тастар туралы заңнамасының сақталуына зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізу бөлігінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

5) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасының сақталуындағы рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша берілгенге дейін өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігі бөлігінде рұқсаттық бақылау біліктілік және рұқсат беру талаптарын бекіту туралы нормативтік құқықтық актілерде өтініш берушіге бару қажеттілігі болған жағдайда бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тәртібімен жүзеге асырылады, оның нәтижелері бойынша өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сай келуі немесе сай келмеуі туралы қорытынды жасалады рұқсаттық бақылауды жүзеге асыру;

6) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен хаттамалар жасау, қаулылар шығару және әкімшілік жазалар қолдану арқылы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау және қарау;

7) техникалық реттеу мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалармен техникалық регламенттерді әзірлеу бойынша сараптамалық кеңестермен өзара іс-қимыл;

8) нормативтік құқықтық актілерге ұсыныстар енгізу;

9) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді айналысқа шығарудың жолын кесу және оған жол бермеу бойынша ықпал ету шараларын қабылдау;

10) техникалық реттеу саласындағы заңнамаға сәйкес жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға тікелей қатер төндіретін өнімді алып қою және қадағалау субъектісін Қазақстан Республикасының азаматтық-процестік заңнамасына сәйкес осындай өнімді иелену, пайдалану және (немесе) оған билік ету құқығынан айыру туралы сотқа талап қою;

11) жеке, заңды тұлғалар техникалық реттеу саласындағы лауазымды адамдар берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, қаулыларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сотқа жүгіну.

### **3-тарау. Департамент қызметін ұйымдастыру кезіндегі басшысының мәртебесі және өкілеттігі**

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. Департамент басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Департамент басшысының өкілеттіктері:

1) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды;

2) Департамент қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент қызметкерлерін іссапарға жіберу, демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақылар төлеу және сыйлықақы беру, сондай-ақ тәртіптік жауапкершілікке тарту мәселелерін шешеді;

4) басқа мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департаменттің мүдделерін білдіреді;

5) Департаменттің бұйрықтарына қол қояды;

6) Департаменттің жұмыс жоспарын бекітеді;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнама талаптарының, еңбек тәртібін және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің әдеп кодексін сақтауына (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) дербес жауапты болады;

8) бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау тізімдерін қалыптастыруға дербес жауапты болады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Департамент басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

#### **4-тарау. Департаменттің мүлкі**

20. Департаменттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Департамент өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті дербес иеліктен шығармайды немесе өзге тәсілмен иелік етпейді.

#### **5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

министрлігінің өзгерістер  
мен толықтырулар енгізілетін  
кейбір бұйрықтарының  
тізбесіне 25-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Сауда және интеграция  
министрінің м. а.  
2019 жылғы 25 шілдедегі  
№ 9 бұйрығына  
4-қосымша

**"Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Департамент) "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Комитет) аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері бар.

4. Департамент өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

5. Департамент, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Департамент өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің орналасқан орны: Қазақстан Республикасы, 020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Әуелбеков Е. көшесі, 117.

9. Департаменттің толық атауы:

мемлекеттік тілде – "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде - Республиканское государственное учреждение "Департамент Комитета технического регулирования и метрологии Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан по Акмолинской области".

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департамент қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2-тарау. Департаменттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері**

13. Мақсаттары: Техникалық реттеу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру және мемлекеттік бақылау мен қадағалауды, өлшем бірлігін қамтамасыз ету салаларындағы, сәйкестікті бағалау саласында аккредиттеу салаларында және зергерлік бұйымдар мен басқа да бұйымдарды сату кезіндегі мемлекеттік саясатты іске асыру және мемлекеттік бақылауды және жүзеге асыру болып табылады.

14. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпарат пен материалдарды заңнамада белгіленген тәртіппен сұратады және алады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

15. Департаменттің функциялары:

1) Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық, ветеринариялық-санитариялық, карантиндік-фитосанитариялық бақылау мен қадағалауға жататын өнімді қоспағанда, техникалық регламенттер өзіне қатысты қолданысқа енгізілген өнімге қатысты оны айналысқа шығару сатысында Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасының, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің не Еуразиялық экономикалық комиссия шешімдерінің сақталуына техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізу;

2) Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

3) Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

4) Қазақстан Республикасының Бағалы металдар мен асыл тастар туралы заңнамасының сақталуына зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізу бөлігінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

5) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасының сақталуындағы рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша берілгенге дейін өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігі бөлігінде рұқсаттық бақылау біліктілік және рұқсат беру талаптарын бекіту туралы нормативтік құқықтық актілерде өтініш берушіге бару қажеттілігі болған жағдайда бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тәртібімен жүзеге асырылады, оның нәтижелері бойынша өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сай келуі немесе сай келмеуі туралы қорытынды жасалады рұқсаттық бақылауды жүзеге асыру;

6) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен хаттамалар жасау, қаулылар шығару және әкімшілік жазалар қолдану арқылы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау және қарау;

7) техникалық реттеу мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалармен техникалық регламенттерді әзірлеу бойынша сараптамалық кеңестермен өзара іс-қимыл;

8) нормативтік құқықтық актілерге ұсыныстар енгізу;

9) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді айналысқа шығарудың жолын кесу және оған жол бермеу бойынша ықпал ету шараларын қабылдау;

10) техникалық реттеу саласындағы заңнамаға сәйкес жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға тікелей қатер төндіретін өнімді алып қою және қадағалау субъектісін Қазақстан Республикасының азаматтық-процестік заңнамасына сәйкес осындай өнімді иелену, пайдалану және (немесе) оған билік ету құқығынан айыру туралы сотқа талап қою;

11) жеке, заңды тұлғалар техникалық реттеу саласындағы лауазымды адамдар берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, қаулыларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сотқа жүгіну.

### **3-тарау. Департамент қызметін ұйымдастыру кезіндегі басшысының мәртебесі және өкілеттігі**

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. Департамент басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Департамент басшысының өкілеттіктері:

1) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды;

2) Департамент қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент қызметкерлерін іссапарға жіберу, демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақылар төлеу және сыйлықақы беру, сондай-ақ тәртіптік жауапкершілікке тарту мәселелерін шешеді;

4) басқа мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департаменттің мүдделерін білдіреді;

5) Департаменттің бұйрықтарына қол қояды;

6) Департаменттің жұмыс жоспарын бекітеді;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнама талаптарының, еңбек тәртібін және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің әдеп кодексін сақтауына (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) дербес жауапты болады;

8) бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау тізімдерін қалыптастыруға дербес жауапты болады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Департамент басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

#### **4-тарау. Департаменттің мүлкі**

20. Департаменттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Департамент өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті дербес иеліктен шығармайды немесе өзге тәсілмен иелік етпейді.

#### **5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**



24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
